



«MADE IN KAZHSTAN»

Алматыда шағын өндіріс қарқынды дамып келеді

2

Almaty

AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №52 (6614) 10 маусым, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

САПА ЖӘНЕ МЕРЗІМ

қатаң бақылауда болады

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Наурызбай және Бостандық аудандарын аралап, бірқатар маңызды тапсырмалар берді.

Халықтың нақты қажеттіліктері ескерілуі тиіс

Наурызбай ауданында шаһар басшысы әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру барысымен танысты. Алдымен «Шұғыла» шағынауданындағы 1200 орынды мектеп құрылысына барды. Бұл нысан қала әкімдігі жанындағы жобалық кеңсенің қолдауымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында жүзеге асырылып жатыр. Дархан Сатыбалды мектеп айналасындағы инфрақұрылымды сапалы түрде қамтамасыз етіп, құрылыс мерзімін қатаң сақтау қажеттігін атап өтті. Наурызбайлықтармен кездесу барысында қала тұрғындары қалалық ортаны жақсарту бойынша, атап айтқанда, сауда-ойын-сауық орталығының, театрдың құрылысын салу, демалыс пен серуендеуге арналған аймақтарды ұйымдастыру туралы ұсыныс-тілектері мен өтініштерін айтты. Дархан Сатыбалды бос уақытты тиімді өткізу идеясын қолдап, қала жобалары халықтың нақты қажеттіліктерін ескеруге тиіс екенін атап өтті.

3



АЛМАТЫ мен ШАНЬДУН

туризмді дамытады



Алматыда Қазақстан мен АҚытай арасындағы туризм саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.





Досбол АТАЖАН

«Қазақстан–Қытай» туризм жылы аясында жасалған бұл меморандум Қытай Халық Республикасынан туристерді тартуға бағытталған жаңа стратегиялық мүмкіндіктерге жол ашады.

Алматы қаласының Туризм басқармасы мен Шаньдун провинциясының туристік ұйымдары арасында қол қойылған келісімдер бірлескен туристік өнімдерді дамытуға, Қытайдан келетін туристер ағынын арттыруға және қаланың инфрақұрылымын кеңейтуге бағытталған. Бұл қадамдар Алматының халықаралық туристік орталық ретіндегі орнын нығайтып, екі ел арасындағы мәдени және іскерлік байланыстарды дамытуға ықпал етеді.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



ОТАНДЫҚ ӨНІМ

«MADE IN KAZAKHSTAN»

Алматыда шағын өндіріс қарқынды дамып келеді

Орта және шағын бизнес қанат жайған Алматыда соңғы жылдары өндіріс саласы жаңа қарқын алды. Мегаполистің мүмкіндіктері өндірістік базаға айналуға да жол ашады. Бұл күнде қала аумағында және оған іргелес аумақтарда орташа өндірістер қаулап өсіп келеді. Соның жарқын бір мысалын жақында ғана өткен баспасөз турында өз көзімізбен көріп қайтқан едік. Алматы іргесіндегі өндіріс орны медицина саласында кең қолданысқа ие өнімдерді өндіре алады. Зауыт өнімдері ішкі нарыққа қоса экспортқа да бағытталған. Қарқынды кеңейіп келе жатқан отандық өндіріс ошағымен ішкерілей танысып қайттық.

Нұрлан
СҮЙІН

Шаһар шаруашылығының қос өкпесі

Бүгінгі таңда шаһардың қуатты өндірістік негізі – Алматы Индустриялық аймағы (АИА) мен «Инновациялық технологиялар паркі «Арнайы экономикалық аймағы». Осы арнайы индустриалды өндіріс аймақтарында заман талабына сай, нақты бағыттағы шағын зауыт, фабрикалар жұмыс істейді. Шаһар шаруашылығының қос өкпесі секілді тынысы кеңіп келе жатқан бұл өндірістік аумақтарға Алматы әкімдігі тарапынан қолдау да айрықша. Өндіріс орындары үшін шаһардан тыс аумақтарда жер телімдері бөлініп, инженерлік коммуникациялар желілерімен қамтамасыз етілді.

Қазірдің өзінде АИА аумағында жоспарланған 115 өндірістің түрлі саладағы қырықтан астам зауыт-фабрикасы жұмыс істеп, алматылықтарды жұмыспен қамтып тұр. Ал олардың өнімдерінің отандық өндірістегі көлемі де жыл өткен сайын кеңейіп келеді.

Арнайы экономикалық аймағында (СИЗ) өндіріс түрлі саланы қамтыған. Мұнда IT-телекоммуникация және байланыс, электроника және прибор жасау, қайта қалыптасқан энергия көздері құрылғылары, фармацевтика және медициналық жабдықтар, техникалар жасау, т.б. бар. Көлемі 163,02 га жерді қамтыған СЭЗ «ПИК» аймағында 182 өндіріс орны жұмыс істеп, 205 млрд. теңге инвестиция игерілген, 6971 жұмыс орны ашылып, бюджетке 141 млрд. салық төленген. 2025 жылы СЭЗ «ПИК» 18,5 млрд. теңгенің 6 жобасын игеріп, 415 жұмыс орнын ашпақ. Осындай өндірістің бірі – «Juldyz Kenan» ЖШС ашып отыр-



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ған медициналық бұйым шығару зауыты.

Жұлдызы жарқыраған өндіріс

«Juldyz Kenan» ЖШС өз негізін ерте қалаған, бүгінде медицина саласына аса қажетті бұйымдар шығаратын өндіріс. Ол саладағы өз бағытын толық қалыптастырып үлгерген, әрі Алматыға инвестиция тартып, өнімі Қазақстаннан тыс елдерге шығатын салық төлеуші саналады.

Біз баспасөз туры барысында медициналық бұйымдар (катетерлер, зондтар, потологиялық қалдықтар жинайтын контейнерлер, және т.б.) шығаратын жаңа өндіріс орнының ашылуының куәсі болдық.

Инвестициялық жобаны «Juldyz Kenan» Алматы Кәсіпкерлік және инвестиция басқармасының қолдауымен ашып отыр. Зауыттың салынуына 2,1 млрд. жеке инвестиция салынып, 100-дей жұмыс орны құрылған. Отандық өндіруші шығарған медициналық бұйымдарымен Қазақстанды қамтудан тыс, Ресей, Өзбекстан, Беларусь, Тәжікстан, Иран және Ауғанстанға экспорттайды.

СИЗ «ПИК»-тің 7000 ш.м. аумағындағы жоғарғы технологиялы өндіріс ошағы ISO 13485 халықаралық стандартына сай жоғарғы сападағы, стерильді медициналық бұйымдар шығара бастады. Зауыт өнімінің ауқымы кең, мысалы мұрын қуысы катетерінен бас-

тап, күрделі күретамыр катетеріне дейін осы өндіріс орны өндіре алады. Мұндай медициналық түтікшелерді өндіру өте ұзақ та күрделі процесс.

Әрі жоғары тазалықты талап етеді екен. Өндірістің барлық кезеңі – жобалау, клиникалық тексеру, стерилизация, т.б. қатаң бақылауда ұсталады. Өндірістегі жоғарғы қысыммен бұйымдарды құю, формаға келтіру, жинау, қорапқа салу сынды барысының барлығы жоғары технологияны пайдаланумен жүзеге асады. Зауыттың H14 дәрежелі лабораториясы да құрылған. Өнімдер бүкіл өндіріс бойы цифрлы технологиялармен бақылауда болады. Жалпы, «Juldyz Kenan» медициналық өнім шығаруда жылына 4,5 млн. стерильді бұйым жасауға қабілетті.

Жаңа зауыттың ашылу рәсіміне Алматы қаласы әкімдігі өкілдері, шетелдік инвесторлар, СИЗ «ПИК» басшылығы, медицина саласы ардагерлері де куә болды. Инвестор, «Juldyz Kenan» ЖШС директоры Бағлан Баққұлова, медицина саласы ардагері, м.ғ.д, Акушерлік және гинекология институты ғылыми орталығының Директорлар кеңесі төрайымы Зәуреш Аманжолова жаңа өндіріс орнының лентасын қиды.

Көшбасшы өндірістік база

Қаламыздың елдегі көшбасшы өндірістік базаға айналуына толық мүмкіндігі бар. Сарапшылар ең әуелі Алматының географиялық және инфрақұрылымдық артықшылықтарын алға тартады. Айталық, шаһар байырғы және жаңа Жібек жолының бойында орналасқан. Сондай-ақ, мегаполис ірі теміржол торабының, халықаралық әуежай мен сан тарапқа тартылған автокөлік дәліздерінің орталығы болғандықтан, Қазақстан мен Орталық Азиядағы маңызды инвестициялық ағынның нүктесі саналады.

Бұдан тыс қаланың адами ресурстары мен зияткерлік әлеуеті де білікті кадрлар мен инженерлік-техникалық мамандарды дайындауға мүмкіндік береді. Қазіргі замандағы экономикалық дамудың алғышарты санала басталған инновациялық база тұрғысынан да Алматының айтарлықтай артықшылықтары бар. IT, биотехнология, логистика, жеңіл өнеркәсіп секілді маңызды инновациялық жобалар дамып келеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бағлан БАҚҚҰЛОВА,
«Juldyz Kenan»

ЖШС директоры, инвестор:

МАҚСАТ –
«ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН»
БРЕНДІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бұл өндіріс аса қатаң талаптарды қажет етеді. Зауыт өнімінің елімізде баламасы жоқ, әрі көп жылдан бері қалыптасқан. Әрине, бұл өндіріс орны көпжылдық құлшыныс негізінде жүзеге асты. Біздің өнім «Made in Kazakhstan» атауына толықтай лайық. Әрі Алматыда жасалған өнімдеріміз экспортқа да шығып, «Қазақстанда жасалған» белгісі танымалдылыққа ие болуда.

Зәуреш АМАНЖОЛОВА,
медицина ғылымының
докторы:

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСКЕ ТАБЫС
ПЕН АБЫРОЙ ТІЛЕЙМІН

Қазақстанның медицина саласына аса қажет бұйымдар шығаратын жаңа зауыт ашылып жатыр. Бұл кәсіпорын негізі сонау 1995-1996 жылдары қаланған, ол кезде елдегі денсаулық сақтау саласы осындай медицина саласындағы бұйымдарға аса зәру кезең еді. Шетелдердегі сапарымда өзге елдерде қолданылып жүрген қажетті бұйымдардың елімізде жоқ екенін көріп, «Juldyz Kenan» ЖШС директоры Бағланға ой тастадым. Ең қарапайымы – жаңадан өмір есігін ашқан нәрестенің кіндігін «байлайтын» қыстырғыш жасау керек деп. Содан соң ол кісі шетелге шығып, тәжірибе алып, елде сондай бұйымды жасауды бастады.

Қазір міне, «кіндік буғыш» өзімізде жасалып, артылғаны экспортқа шығатын болды. Бағлан Баққұлова сияқты мамандар ың-шыңсыз отандық өндірістің қажет жерлерін толтырып, «Қазақстанда жасалған» өнімдерін жарнамасыз жариялап жүр. Міне, бүгін де кезекті зауытты ашып, саланың жоғын түгендеп жатыр. Осындай отандық өндіріске тек табыс пен абырой тілеймін.





ӘКІМ

САПА және МЕРЗІМ

қатаң бақылауда болады

(Басы 1-бетте)

Жұмыс уақытылы әрі сапалы атқарылу керек

Мегаполис әкімі қаладағы жол жөндеу жұмыстарын күзге дейін аяқтауды, құрылысқа байланысты уақытша жабылатын жол жөндеу жұмыстарын ретке келтіруді тапсырды. «Жоба бар. Инженерлік желілер тартылып жатыр. Қаржыдан қиындық жоқ. Енді тек жұмысты уақытылы әрі сапалы атқару керек. Жаз мезгілінде жол қазу жұмыстарының бәрін жаңа оқу жылы басталғанға дейін аяқтау қажет», – деді Алматы қаласының әкімі. Ол құрылыс мерзімін уақытылы орындамаған мердігер компанияға қатысты сын айтты. Құрылыс басқармасына бақылауды күшейтуді, ал міндеттемесіне салғырт қарап, жұмысты уақытында орындамайтын мердігерлермен келісім-шартты бұзып, жауапсыз компаниялар тізіміне енгізу қажеттігін қадап айтты. «Бұлай болмайды! Егер жұмыс мерзімінен кешігіп жатса, тиісті шешімді өздеріңіз қабылдап, келісімді бұзып, компанияны қара тізімге енгізіңіздер. Мені ертіп келіп, шешімі жоқ мәселе деп айтудың қажеті жоқ. Ешкім сіздерге жұмыс істеуге кедергі жасап отырған жоқ. Әр нысанға жіті бақылау керек», – деді шаһар басшысы.

Ауқымды жоба жыл соңына дейін толық аяқталады

Бостандық ауданына жұмыс сапары Республика алаңындағы қала әкімдігі ғимаратының жанындағы субұрқақтарды аралаудан басталды. Қазір мұнда әкімдіктің шығыс және батыс жағындағы алаңда және F.Мүсірепов театры жанындағы төрт субұрқақ кешенінде күрделі жөндеу жүргізіліп жатыр. Дархан Сатыбалды жобаны белгіленген мерзімде аяқтау үшін мердігердің жұмыс қарқынын күшейтіп, сапаны бақылауды арттыру қажеттігін атап өтті. Шаһар басшысы жұмыс демалыс күндері де тоқтамай, межелі мерзімнен кешікпеу керек деп ескертті.

Сапар барысында әкім «Ерменсай» шағынауданына ат басын бұрды. Мұнда табиғи апаттың салдарын жоюға бағытталған ауқымды жоба қолға алынған. Жоба аясында ұзындығы 7 шақырымдық су және кәріз жүйелерінің құбыры төселіп, екі су сорғы станциясы салынады, көшелер көркейтіледі. Әкім бұл жобаның тек жоспарға сай жүруі жеткіліксіз екенін, оны жыл соңына дейін толық аяқтап, іске қосу қажетін айтты.

Ал Жәңгір хан көшесінде әкім жауын-шашын көп түскенде жиналатын су деңгейі



бір метрге дейін жететін учаскені аралады. Мұнда шілде айында су сорғы станциясы мен су бұруға арналған екі құбыр желісінің құрылысы басталмақ. Дархан Сатыбалды бұл жұмысты 2025 жылы желтоқсанға дейін аяқтап, әкімдіктің тиісті бөлімдерімен келісім жұмыстарын дер кезінде жүргізуді тапсырды. Жұмыс сапары одан әрі Кереңқұлақ өзенінің жағалауында жалғасты. Жағалауды көркейту жобасын қарап шыққан шаһар басшысы айналаны шұғыл қоқыстан тазалауды, өзенді көріктендіруге қатысты жобалық-сметалық құжаттаманы жедел әзірлеуді тапсырды.

Жер сілкінісінен зақымданған мектеп жөнделеді

Нұртазин көшесіндегі №190 мектепте былтыр қыс кезіндегі жер сілкінісінен кейін қабырғаларда, дәліздер мен спорт залында жарықтар пайда болған. Техникалық сараптама ғимараттың қазіргі қауіпсіздік талаптарына сай келмейтінін анықтады. Мұнда 417 бала оқыған, алайда мектептің жобалық қуаты небәрі 300 орын. Күн сайын 80-ге жуық оқушы «Алма-арасан», «Көкшоқы», «Казачка» және т.б. тау бөктеріндегі елдімекендерден қатынап оқиды. Сапар

барысында әкім осы мектепке қатысты жаңа құрылыс жобасымен танысты. Жоба аясында ескі ғимараттың орнына бір ауысымда оқуға мүмкіндік беретін заманауи мектеп салу жоспарланып отыр. Ол 600 оқушыға арналмақ.

Қала әкімі Үлкен Алматы өзенінің арнасындағы 5,7 шақырымға созылған ауқымды қайта жаңғырту жобасын да қарап шықты. Жоба аясында веложолдар, көпірлер, балалар алаңдарын салу мен жарықтандыру, көгалдандыру жұмыстары қарастырылған. Шаһар басшысы құрылыс мерзімін қатаң сақтау мен күнделікті жағалауда серуендейтін тұрғындардың қауіпсіздігіне баса назар аударуды тапсырды.

Ақаусыз жиектастар ауыстырылмайды

Дархан Сатыбалды жұмыс сапары барысында Назарбаев даңғылының батысында және Ганди көшесінің солтүстігінде салынып жатқан жаңа скверге барды.

Жалпы аумағы 4,16 гектар аумақта субұрқақ, жерасты құрылымдары, кеспе тас және кейбір жабындарды бұзу жұмыстары аяқталған. Қазір тоған мен іргетас салу, ұңғыма қазу, инженерлік желілер тарту,

аумақты жоспарлау және қоқыс шығару жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Шаһар басшысы аумақты көгалдандыру мен көркейту жұмыстарына баса назар аударуды тапсырды.

Бұдан кейін қала әкімі «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған 1500 орынды жаңа мектептің құрылыс алаңына барды. Бұл оқу орны жаңа оқу жылында есігін айқара ашады. Қазіргі таңда мектеп ғимаратының монолитті құрылыс жұмыстары аяқталып, бірінші қабатта ішкі әрлеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жұмыс сапары кезінде Дархан Сатыбалды Жандосов көшесі мен Абай даңғылы аралығындағы Гагарин бульварының көркейту барысын бағамдады. Бұл жоба «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асқан. Сапар соңында қала әкімі ақаусыз жиектер мен асфальтты жөнсіз ауыстыруға көңілі толмайтынын айтып, шынымен де зақымданған, мүжілген тұстарға ғана жөндеу жүргізуді тапсырды.

Шаһар басшысы екі ауданның әкімдеріне барлық нысандардағы жұмыстардың сапасы мен мерзімінің сақталуын қатаң бақылауға алуды жүктеді.

Әзірлеген
Досбол АТАЖАН.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

«АМАНАТ» партиясының «Құқықтық көмек» жобасы аясында Наурызбай ауданының Инновациялық шығармашылық орталығында тұрғындардың өзекті мәселелерін тиімді шешуге бағытталған маңызды іс-шара – мобильді қоғамдық қабылдау өтті.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Мақсат – тұрғындардың өмірінде туындаған түйткілді мәселелерді тікелей тыңдап, оларға жедел және білікті кеңес беру арқылы нақты көмек көрсету. Қабылдауға Алматы қалалық мәслихатының депутаты Болат Ибрагимұлы, «АМАНАТ» партиясының Наурызбай аудандық филиалының төрағасы Баймұрат Жамбылов, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің өкілдері мен тәжірибелі заңгерлер қатысты.

Қоғамдық қабылдау кезінде аудан тұрғындары түрлі сұрақтармен жүгінді. Көтерілген мәселелердің басым бөлігі әлеуметтік-экономикалық сипатта болды. Атап айтқанда, азаматтар несиелік міндеттемелерін өтеу тәртібі,

медициналық мекемелерге тіркелу, банктік есепшоттардың бұғатталуы, сондай-ақ тұрғын үймен қамтамасыз ету және басқа да әлеуметтік маңызы бар мәселелер бойынша көмек сұрады. Әрбір өтініш жеке қаралып, заң аясында нақты жауаптар мен кеңестер берілді. Қажет болған жағдайда, кейбір мәселелер бойынша жауапты органдарға ресми сауалдар жолданатыны айтылды. Заңгерлер мен сала мамандары тұрғындарға құқықтық тұрғыдан бағытбағдар ұсынып, туындаған жағдайдан шығу жолдарын түсіндірді.

Депутат Болат Ибрагимұлының айтуынша, мұндай қоғамдық қабылдаулар халықпен ашық диалог орнатуға,

олардың мұң-мұқтажын жедел жеткізіп, шешім қабылдау үдерісін жеңілдетуге зор мүмкіндік береді. «Біз үшін ең маңыздысы – тұрғындардың сенімі. Олар өз мәселесімен кімге жүгінерін біліп, нақты көмек алуы қажет. Партияның қолға алған бұл жобасы осы бағытта үлкен нәтижелерге жетіп келеді», – деді депутат.

Ұйымдастырушылардың пікірінше, мобильді қоғамдық қабылдаулар «АМАНАТ» партиясының халықпен тікелей байланыс орнатудағы тиімді құралына айналды. Жоба аясында еліміздің түкпір-түкпірінде осындай қабылдаулар жалғасын табуда. Бұл бастама партияның халықпен ашық әрі есеп беретін саяси ұйым екенін дәлелдейді.

МОБИЛЬДІ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ

тұрғындарға жедел және білікті кеңес беру арқылы нақты көмек көрсетуді көздейді



ЗЕРДЕ

ТАРИХТЫ ҚҰРМЕТТЕУ –

жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы

Алматыда Германиядағы Кеңес әскері тобының (ГКӘТ) құрылғанына 80 жыл толуына орай салтанатты жиын өтті. Еске алу іс-шарасы 28 панфиловшылар саябағында ардагерлер мен ресми мекеме өкілдерінің басын қосты.

**Ернұр
РЫСБАЙ**

9 маусым 1945 жылы Кеңес әскерінің Германиядағы Оккупациялық тобы ретінде құрылған бұл құрылым кейіннен түрлі тарихи кезеңдерге сай атауын бірнеше мәрте өзгерткен. 1954 жылы Германиядағы Кеңес әскері тобы (ГСВГ) деп аталып, 1989 жылы Батыс әскери тобы (ЗГВ) ретінде белгілі болды. Ал 1994 жылдың 31 тамызында бұл топтың әскери құрамдары Германия аумағынан толық шығарылды.

80 жылдық мерейтойға орай ұйымдастырылған іс-шараға Алматы қаласының қоғамдық және мемлекеттік құрылымдарының өкілдері қатысты. Олардың қатарында Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының, Мәслихаттың, АМАНАТ партиясының, Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің, Білім басқармасы мен Ауған соғысы ардагерлері ұйымының өкілдері болды. Сонымен қатар, офицерлер мен ардагерлер, әскери-патриоттық клуб мүшелері де бас қосты. Алматы гарнизонының оркестрі және құрметті қарауылының қатысуымен ескерткішке

гүл шоқтары қойылып, құрмет көрсетілді.

Іс-шарада «Германиядағы Кеңес әскері тобы және Варшава келісім-шарты» қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалының төрағасы, запастағы офицер Құрманғазы Тастанбек сөз сөйлеп, қоғамдық ұйымның негізгі мақсатын атап өтті.

– Біздің қоғам үш жылдан бері жастарға ұлттық патриоттық тәрбие беруге бағытталған іс-шараларды өткізіп келеді. Әсіресе, мектептердегі алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдерімен бірлесе жұмыс жүргізіп, жоғары сынып оқушыларына батырлар жолын, ел қорғаудың маңызын түсіндіріп келеміз. Отанды, Елтаңбаны, Туды, Әнұранды құрметтеуге үндейтін осындай рухани тәрбие бүгінде өз нәтижесін бере бастады, – деді ол.

Германиядағы Кеңес әскері тобы ардагерлері республикалық филиалының Алматы қаласы бойынша кеңесшісі Жанаділ Макишев өз естеліктерімен бөлісті. Ол – аталған құрылымда қызмет еткен жылдарын құрметпен еске алады.

– Ол әскери құрылым ғана емес, тұтас бір дәуірдің шежіресі дер едім. Біз



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

сол кезеңде қызмет ету арқылы елге, халыққа адал болуды үйрендік. Қазіргі ұрпақ осы ұстанымды жалғастырады деген сенімдемін, – деді ардагер.

Офицерлер Кеңесі Республикалық Қоғамдық Бірлестігі президиумының төрағасы, генерал-майор Махмұт Телегусов та өз сөзінде атқарылып жатқан қоғамдық жұмыстарға тоқталды:

– Біз жастармен жиі кездесіп, ардагерлердің өмір жолын үлгі ретінде ұсынып келеміз. Батырлық пен отаншылдық туралы әңгімелеріміз мектептер

мен жоғары оқу орындарында кеңінен айтылып жүр. Бұл – ұлт болашағы үшін жасалып жатқан маңызды жұмыс, – деді Махмұт Өтегенұлы.

80 жылдықты еске алу – тек өткенді еске түсірумен шектелмесе керек, бұл ұрпақтар сабақтастығын жалғайтын, тарихпен байланыс орнататын, ел мен жерді қадірлеуге баулитын маңызды қадам. Іс-шараны ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жиындар жастарды отансүйгіштікке, ұлттық рухқа тәрбиелеудің бірден-бір жолы.

ТУРНИР

КИБЕРСПОРТ –



цифрлық
мәдениеттің
маңызды
бөлшегі

Алматыда гейминг, киберспорт және цифрлық мәдениет жанкүйерлеріне арналған «Almaty Cyber Games Media & Cup – 2025» республикалық турнирі өтті.

**Нұржамал
ӘЛІШ**

Орталық Азиядағы цифрлық спорт орталығы ретіндегі мәртебесін нығайтып келе жатқан жоба үшінші рет ұйымдастырылды. Іс-шараға еліміздің түкпір-түкпірінен келген мықты ойыншылар мен жанкүйерлер жиналған. Биылғы ерекшелік – «Counter-Strike 2» ойыны бойынша медиалық турнирге баса назар аударылды. Онда танымал блогерлер, актерлер, стримерлер мен музыканттар бақ сынасты. Қатысушылар жүлде қоры үшін ғана емес, сонымен қатар, халықаралық деңгейдегі ACG International турниріне жолдама

алу үшін де жарысты. Турнир «Dota 2», «Counter-Strike 2» және «FC 25» сынды үш негізгі ойын бойынша өтті.

ACG жобасының басты мақсаттарының бірі – елдегі цифрлық инфрақұрылымды дамыту. Киберспорт – цифрлық трансформацияның маңызды көрсеткіші ғана емес, сонымен бірге IT мен жаңа технологияларға инвестиция салуға тартымды сала. Бір күн бойы өткен турнирді тамашалаушылар цифрлық болашақтың атмосферасына еніп, заманауи технологияның жетістігімен танысу мүмкіндігіне ие болды. Іс-шараны iPlay Esports және Ұлттық студенттік киберспорт қауымдастығы (NESA) Алматы қаласы әкімдігінің Цифрландыру басқармасының қолдауымен ұйымдастырды.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАР ЖӘРМЕҢКЕСІ

Алматыда Мемлекет басшысының 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауына орай ірі қалалық бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті.

Іс-шараны ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл жәрмеңке жұмысшы мамандықтарының беделін арттырып, халықты тұрақты әрі табысты жұмысқа тартуға бағытталған.

Іс-шара туралы Алматы қаласы Еңбек мобильдік орталығының директоры Жанабаев Әділет былай деді:

– Бүгінгі жәрмеңке – жұмысшы мамандықтарға ерекше көңіл бөлінген алғашқы ірі қалалық деңгейдегі іс-шара. Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялағаннан кейін біз бұл бағытта нақты қадамдарға кірістік. Жәрмеңкеге жүзден астам жұмыс беруші қатысты. Олар үш жүзге жуық бос жұмыс орнын ұсынды. Ал жалпы ұсынылған жұмыс орындарының саны екі мыңға жуық.

Жәрмеңкеде өнеркәсіп, құрылыс, логистика, қызмет көрсету сияқты түрлі сала бойынша ұсыныстар болды. Әсіресе, слесарь-механик, сантехник, жүк

тиегіш жүргізуші (погрузчик), инженер сынды мамандықтарға сұраныс жоғары екені байқалды.

– Бұл жұмыс орындары тек жастарға ғана емес, жұмысқа қабілетті барлық азаматтарға арналған. Атап айтқанда, мүгедектігі бар жандар мен әлеуметтік осал топтарға арналған арнайы мемлекеттік бағдарламалар арқылы да жұмысқа орналасу мүмкіндігі қарастырылған, – деді Әділет Жанабаев.

Жәрмеңке аясында келушілерге кәсіптік бағдар, түйіндеме жазу бойынша кеңестер беріліп, сұхбаттасу алаңдары ұйымдастырылды. Бұл – жұмыссыз жүрген азаматтар үшін үлкен мүмкіндік қана емес, сонымен қатар жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы рөлін қайта қарауға түрткі болатын маңызды бастама.

Алматы қаласының Еңбек мобильдік орталығы алдағы уақытта да осындай ауқымды іс-шараларды жиі ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Себебі, еңбек нарығындағы басты талап – кәсіби дайын, бәсекеге қабілетті маман болу. Ал мұндай жәрмеңкелер сол мақсатқа жетудің бір жолы.

Ернұр РЫСБАЙ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Сағынбек ШУНКЕЕВ,
Налук қайырымдылық қорының директоры:**

ТӘРТІП ПЕН ТАБАНДЫЛЫҚ КЕРЕК

Бүгінде киберспорт – жәй ғана ойын емес, бұл – тәртіп пен табандылықты, командалық рух пен стратегиялық ойлауды талап ететін нағыз спорт түрі. Сонымен қатар, ол – жастар өмір сүріп жатқан заманауи цифрлық мәдениеттің маңызды бөлшегі. Осындай турнирлерге қатысу жас ұрпақтың болашақта сұранысқа ие болатын дағдыларын дамытып қана қоймай, жаһандық мүмкіндіктерге жол ашады. Киберспорт жедел шешім қабылдауға, біріге жұмыс істеуге және кез келген өзгеріске бейімделуге үйретеді. Бұл қасиеттер тек экран алдында ғана емес, өмірде де аса қажет.



ФОРУМ

АЛМАТЫНЫҢ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕГІ ЖАҢҒЫРАДЫ



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматыда ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық Ғылым академиясының ұйымдастыруымен «Орталық Азиядағы биоалуантүрлілікті сақтау мәселелері мен перспективалары» атты халықаралық форум өтті.

Досбол
АТАЖАН

Форумның басты мақсаты – Орталық Азия өңіріндегі биоалуантүрлілікті сақтау мәселелерін талқылау, тәжірибе мен пікір алмасу, сондай-ақ өңірдің табиғи экожүйелерінің орнықты дамуына бағытталған практикалық ұсынымдар әзірлеу. Форум бағдарламасы аясында Орталық Азияның жануарлар дүниесін сақтау, биоалуантүрлілікті сақтаудағы технологиялар, экологиялық білім беру және ағарту мәселелері талқыланды.

Осы орайда, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессор, Алматы қаласының жасыл желектерін бағалау және дендрологиялық жоспарды жасау бойынша екі жылдық бағдарламаның жетекшісі **Талғат КЕЛТЕШОВТІ** шаһардың табиғи экожүйесі, экологиялық мәселелер жөнінде әңгімеге тартқан едік.

Маманның айтуынша, қазір Алматы қаласының жасыл желегімен айналысатын кез келді. Баум тоғайын мысалға алатын болсақ – 53%-ы көне ағаштар. Олар әртүрлі аурулармен ауырады. Жалпы, жасыл желек тек қартайған ағаштардан құралмауы керек. Егер қалада жас теректер де, орта жастағылары



да, көпжылғылары да тең мөлшерде болса, онда ол қаладағы жасыл желектің тұрақты болуын қамтамасыз етеді. Сондықтан қазір Алматының жасыл желегін зерттеп, сол бойынша реконструкция жұмыстарын жүргізу керек. «Егер Алматы мен Ташкентті салыстырсақ, қазір Өзбекстан астанасында құрғап қалған көпжылдық ағаштарды көрмейсің. Өйткені, олар кейінгі жылдары қаланың жасыл желегін жаңғыртқан. Өткір газдарға, шу мен дыбысқа деген төзімділігіне қарай отырғызған. Қазір біз де жобамыз аясында жасыл желектің жағдайын тексеріп жатырмыз. Ол үшін ұшқышсыз ұшу аппараттарын қолданамыз. Алынған фотолар бойынша өлшемдерді таксатор (жасыл желекті бағалаушы маман) анықтайды.

Бұл – бірінші бағыты. Екінші – әр тұрғынға қанша шаршы метр жасыл желек бар екенін анықтаймыз. Алматы қаласының 2030 жылға дейін даму жоспары бар, онда әр тұрғынға 15% болуы керек деп көрсетілген. Менің жеке пікірім бойынша, Алатау ауданын алсақ, онда тұрғындарға 3-4 шаршы метрден болады. Ал Медеу ауданында 10–15 шаршы метрден болады. Бұл болжам, нақты сандарды зерттеу нәтижесі бойынша айтамыз. Осы зерттеудің арқасында қай ауданға көбірек жасыл желекті отырғызу керек екенін білеміз.

Қазір 350 мың көшет 8 ауданға тең бөлінген. Кей аудандарда ірі ағаштардың болғанына қарамастан, қасына жас көшеттерді отырғызып жүрміз. Олай істеуге болмайды. Біз қартайып, құрғаған,

құраған ағаштарды жас көшеттерге ауыстыруымыз қажет. Тағы бір бағыт – орман-патологиялық зерттеу жұмыстарын жүргіземіз. Яғни жасыл желектің арасында қандай аурулар кеңінен таралғанын анықтаймыз. Соған қарай санитарлық шараларды қолға аламыз. Айтып кетейін, құраған ағаштардың көбіне іші шіріген болады. Қазір резистогрaф алынды, бұл құрылғы ағаштың ішкі шірігі бар-жоғын анықтауға көмектеседі. Алынған көрсеткіштер бойынша ағаштың қанша пайызы шірігенін анықтап, қауіптілігі болмайтын болса оны қалдырамыз.

Ол қатты жел кезінде көліктерге ағаш құлауының алдын алады. Осы орайда, айтқым келетіні – бір ағашты кескенде істің мән-жайын білмей, шу шығаратын экобелсенділер бар. Біз оларға ағаштың 50-ден астамы шіріп кеткенін дәлелдейміз. Сондықтан негізсіз шу шығарудың қажеті жоқ», – дейді Талғат Келтешов.

Форумға ҚР Президентінің экологиялық ынтымақтастық жөніндегі кеңесшісі З.Сүлейменова, Нобель сыйлығының лауреаты Риккардо Валентине, Линкольндегі Небраска университетінің профессоры Эндрю Зимброфф, Дрезден технологиялық университетінің профессоры Маттиас Крамер, БҰҰДБ, ЮНЕСКО, ФАО, халықаралық ұйымдардың өкілдері мен сарапшылары, Ресей, Германия, Қырғызстан, Тәжік-стан, Әзербайжан елдерінің жетекші ғалымдары, сондай-ақ ЖОО, ҒЗИ бірінші басшылары, жас ғалымдар, экология, Қазақстан табиғатын қорғау саласындағы мамандар қатысқанын айта кеткен жөн. Шара аясында тақырыпқа сай ғылым-танымдық көрме ұйымдастырылды. Ол Орталық Азиядағы биоалуантүрлілікті қорғау мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастық, ғылыми зерттеулер мен білім беру бастамаларын қолдау үшін маңызды алаңға айналды.

Форум қорытындысы бойынша қарар қабылданып, онда талқылаулар барысында ұсынылған биоалуантүрлілік мәселелерін шешудің негізгі ұсыныстары, бастамалары мен жолдары көрсетілді.

«ЖАСЫЛ ҚАЛА»



(Сурет: Экология және қоршаған орта басқармасынан алынды.)

АҚПАРАТТЫҚ ЭКОТАҚТАЙША

Экологтар күніне орай Алматыда ерекше бастама жүзеге асты

Шаһарда қала көшелерінің біріnde қайта өңделген пластиктен жасалған алғашқы ақпараттық тақтайша орнатылды. Бұл экологиялық идея тұрғындарды табиғатты аялауға шақырып қана қоймай, қоқысты кәдеге жарату мүмкіндігін де көрсетті.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алғашқы тақтайша Мақатаев көшесі мен Назарбаев даңғылының қиылысында орналасқан, 1888 жылы отырғызылған тарихи емен ағашының жанына қойылды. Тақтайшада ағаштың түрі, жасы, ерекшелігі туралы толық мәліметтер берілген. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл бастама болашақта Алматыдағы өзге де көпжылдық ағаштарда жалғасын табады. Мұндай жүйе әлемнің дамыған мегаполистерінде әлдеқашан енгізілген.

Экологиялық сананы қалыптастыруға бағытталған бұл іс-шара – республикалық «Таза Қазақстан» бастамасы мен «Алматы – біздің ортақ үйіміз» қалалық бағдарламасының бір бөлігі болып есептеледі. Соңғы жылдары қалада қоқысты сұрыптап жинау, қайта өңдеу, саналы тұтыну мәдениетін қалыптастыру бағытында көптеген акциялар ұйымдастырылып келе жатқаны қуантарлық жайт.

Айта кетерлігі, бұл экотаңбалар Алматы қаласы әкімдігі жанындағы жобалық кеңсенің қолдауымен ашылған алғашқы Экохаб базасында (Марков көшесі, 44) жиналған пластик қақпақтардан жасалуда. Мұнда тек тақтайшалар ғана емес, салпыншақтар, шахмат тақталары мен фигуралар, көше жиһаздарының элементтері сияқты күнделікті қолданыстағы бұйымдар да өндіріледі.

Алматылықтардың өз қаласына деген жанашырлығы мен қоршаған ортаға деген қамқорлығы осындай жасампаз жобалар арқылы көрініс табуда. Пластик – енді тек қоқыс емес, қайтадан өмірге келіп, пайдалы дүниеге айналатын ресурс екенін тағы бір дәлелдеді.



Абай атын-
дағы Қазақ
ұлттық опера және
балет театры ала-
ңында ерекше сән
көрсетілімі өтті.
Іс-шара Алматы
қаласы әкімдігі мен
Білім басқармасы-
ның қолдауымен,
Мемлекеттік рәміз-
дер күніне және
Жұмысшы маман-
дықтары жылы-
на орай ұйым-
дастырылды.

«Жібек жолы»

сан қырлы мәдениеттер символы



Ернұр
РЫСБАЙ

Бұл – Алматылық сервис және техноло-
гиялар колледжі жанындағы «Тұмар ханым»
студенттік сән театрының қорытынды көр-
сетілімі. Биылғы жылдың тақырыбы –
«Жібек жолы». Бұл атау кездейсоқ таңдал-
ған жоқ. Жібек жолы – ұлы өркениеттерді
жалғаған тарихи көпір ғана емес, сан қырлы
мәдениеттің символы болды. Көрсетілімде
осы жолмен жеткен түрлі этностардың киім
үлгілері мен шаштараз өнерінің элементтері
креативті түрде жаңғыртылып, көрермен
назарына ұсынылды.

Колледждің «Тігін өндірісі және киім
үлгісін жобалау» мен «Шаштараз өнері»
мамандықтарының бітіруші курс студенттері
дипломдық жұмыстарын көпшілік алдында
қорғап, өздерінің шығармашылық деңгейін
көрсетті. Сонымен қатар, бірінші курс сту-
денті Нұрай Ауелбек те ерекше сән топта-
масымен сахнаға шықты. Бұл – ұрпақтар
сабақтастығы мен жаңашылдыққа ұмты-
лыстың айқын белгісі.

– Бүгінгі көрсетілім – біздің студент-
теріміздің жыл бойғы еңбегінің жемісі. Олар
ұлттық нақышты сақтай отырып, әлемдік
этностардың сән үлгілерін заманауи көз-
қараспен ұсынуға тырысты. Грек, жапон,
қытай және өзге де мәдениеттердің эле-
менттері үйлесімді түрде көрініс тапты, –
дейді колледж оқытушысы, шаштараз өнері
мен сән үлгісін жобалау пәндерінің мұғалімі
Гаухар Ибрагимова. Оның айтуынша, кол-
ледж түлектері жыл сайын түрлі сұлулық
салондарында жұмысқа орналасып, алған
білімдерін іс жүзінде сәтті қолдануда.
«Әрбір түлек өзіне ұнайтын салонды таңдап,
сол жерде өз кәсібін дамыта алады. Олар
алған білімдерін толықтай жүзеге асыруға
қабілетті», – дейді ұстаз. Көрсетілім бары-
сында инклюзивті білім беру мен әлеуметтік
серіктестермен байланыс тақырыбына да
айрықша көңіл бөлінді.

Салтанатты іс-шараға Алматы қаласы
әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова, Алматы
қаласы Білім басқармасының басшысы
Сайран Сайфеденов, Алматы, Бостандық
және Жетісу аудандарының әкімдері, қоғам
қайраткерлері, Қазақстанның жетекші
дизайнерлері, тігін фабрикаларының
және колледждердің басшылары қатыс-
ты. Көрсетілім арқылы колледждің жоға-
ры кәсіби деңгейі, шығармашылық әлеуеті
және ұлттық мәдениетке деген құрметі тағы
бір мәрте дәлелденді. Жас мамандардың
бойындағы еңбекқорлық, жаңашылдық
және ұлттық болмысты ұлықтау – еліміздің
жарқын болашағының кепілі.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

МАМАНДЫҒЫ – МАҚТАНЫШЫ

ҚАЗАҚ АРУЫ

әлемдегі ең ірі футбол
клубтарының бірі –
«Реал Мадридте»
жұмыс істейді

Қарапайым
қазақ қызы-
ның аты аңызға
айналған «Реал
Мадридке»
жұмысқа орнала-
суы ертегі сияқ-
ты естілуі мүмкін.
Бірақ Альбина
Бунеску бұны өз
өмірінде шын-
дыққа айналдыра
алды.

Оның өмірі – аңыз
емес, табандылықтың
нәтижесі. Елімізде орта
мектепті бітіріп, бола-
шағын қаржы саласын-
да елестеткен кейіпкеріміз
бүгінде әлемдегі ең ірі фут-
бол клубтарының бірінде – «Реал
Мадридтің» стадион маркетингі
бөлімінде жұмыс істейді. Aqshamnews.kz
тілшісі «футбол жұмағында» жұмыс істеп
жүрген Альбинамен сұхбаттасты.

КИМЭП-тен –
Кастильяға дейін

Альбинаның маркетингке деген махаббаты
алғаш КИМЭП университетінің аудиториясын-
да оянған. Ол бизнес-әкімшілік мамандығына
түскен соң, алғашқы сабақта-ақ өз бағытын
тапқанын түсінді. Университетті 2012 жылы
бітіргелі бері осы салада 13 жыл жұмыс істеп
келеді. Алғашқы бес жыл – жалдамалы қыз-
меткер ретінде жүрді, кейін жеке маркетинг
агенттігін ашып, бизнеске стратегия әзірлеумен
айналыса бастады.

Спортқа деген қызығушылығы да кездейсоқ
пайда болмаған. Екі рет Sport Fest Astana көр-
месін ұйымдастырып, өзінің спорт саласында-
ғы әлеуетін байқаған Альбина бір сәтте шешім
қабылдайды: білім алып, спорт маркетингке
бет бұруға шешім қабылдайды. Бұл мақсатта
ол Астанадағы баспанасын сатып, бар қаржы-
сын оқуына құйып, шетелде білім алуға бел
буады.



Real Madrid Universidad
Europea –
футбол арманының
мекені

Альбина Real Madrid Universidad
Europea университетіне спорт
маркетингі бойынша оқуға
түседі. Оқу барысында
тек футбол емес, теннис,
автоспорт, марафон
сынды түрлі спорт түр-
лерінің жобаларына
қатысады. «Puma», Davis
Cup, BMW және Madrid
Marathon секілді алып-
тар шоғырындағы ком-
паниялармен жұмыс
істейді.

«Оқу жылы бастал-
ғанда үздік төрт сту-
дентке «Реал Мадрид»
футбол клубында жұмыс
істеу мүмкіндігі берілетіні
айтылды. Шынымды айт-
сам, үздіктер қатарына кіруді
мақсат етпедім, тек оқудан
ләззат алдым. Жыл аяғында
үздік төрт студентті атады, мен
солардың қатарында болдым.
Бұл мүмкіндік үшін қатты қуан-
дым», – дейді ол. Альбина Бернабеу
стадионының маркетинг бөліміне таң-
далады.

Bernabéu Stadium

Қазір Альбина – стадион маркетингінің
нақты қазанында қайнап жүрген маман. Матч
күндерінен бөлек, стадионның өмірі толассыз.
Концерттер, көрмелер, корпоративтік іс-шара-
лар – мұның бәрі қаржы көзіне айналуға тиіс.
Альбина осы экожүйені дамытумен айналы-
сады. Жақында ғана Нью-Йоркке барып, төрт
стадионды зерттеп келген. Енді алған білімін
«Реал Мадридтің» пайдасына жаратып келеді.

«Реал Мадрид» дегенде ең алдымен ойға
келетін нәрсе – ресурс ауқымы. Мұндағы
жоба, идея, адамдар саны мен жағандық
ауқым – кез келген маманның кәсіби арманы.
Алайда, мұндай брендте шешім қабылдау
да оңай емес – әр жоба мұқият сараланып,
брендтің құндылықтарына сәйкес келуі тексері-
леді», – дейді Альбина.

Кейіпкеріміздің айтуынша, осы уақытқа дейін
спорт – ерлер үшін басым бағыт болып келді.
Бірақ тенденция өзгеріп жатыр: биыл алғаш
рет ол оқитын топта қыздар саны жігіттерден
асып түсті. Демек, әйелдер де спорттағы мар-
кетингке қызығушылық танытып жатыр.

«Қазақстанға
ораламын!»


Альбинаның үлкен мақсаты – алған білім мен
тәжірибесін Қазақстанға алып келу. Бүгінде
елімізде спорт нысандары көптеп салынып
жатқанымен, оның көпшілігі дұрыс пайдала-
нылмайды. Альбина бұл жағдайды өзгертуге
атсалыспақ. Спорт маркетингі саласында отан-
дық мамандар аз болғандықтан, ол өз үлесін
қосып, саланың дамуына серпін бергісі келеді.

«Реал Мадридтегі» жұмыс – Альбина үшін
мансап емес, ерекше тәжірибе. Оның негізгі
мақсаты – өзінің маркетинг агенттігін спорт
саласына бағыттап, халықаралық деңгейге
шығару. Арманы – спорт маркетингінің қазақ-
стандық мектебін қалыптастыру.

Бұл – жәй оқиға емес, табандылық пен
ізденімпаздықтың көрінісі. Ең бастысы – өзіңе
сену, тәуекел ете білу және арманнан бас тарт-
пау.

Сұлу БӨЛЕК.

ОЙТҮРТКІ



Жақында
Алматыға
Дженнифер Лопес
келеді. Әлемдік сах-
наның жарық жұл-
дызы атанған өнер
иесі «Up All Night»
туры аясында алғаш
рет Қазақстанда
концерт қояды.
Миллиондардың
жүрегің жаулаған хит
әндер, стадионды тол-
тыратын би, ұмытыл-
мас дауыс... Алматы
тұрғындары үшін ерек-
ше сәт болмақ.

«ЖҰЛДЫЗ» КЕЛЕ ЖАТЫР...

160 мың теңгелік билеттер кімдерге арналған?



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Концерт қалтасы
қалындарға ғана ма?

Джей Лоны көзбе-көз көру – талай көрер-
меннің арманы, әрине. Алайда, бұл арманды
жүзеге асыру бәріне бірдей қолжетімді ме?
Өйткені, әншінің Алматыдағы концерт билет-
терінің құны 160–180 мың теңге тұрады.
Елімізде бұл орташа жалақының тең жарты-
сынан көбі. Бір таңқаларлығы, әлгі біз қым-
бат деген билеттер әл-сәтте сатылып кеткен.
Сонда дейміз-ау, Алматыда жоғары табысты
тұрғындар көп пе, әлде эмоция үшін осынша
ақша жұмсау қалыпты жағдайға айналып
бара ма?

Иә, 51 жастағы Дженнифер Лопес – тек
әнші ғана емес. Ол – өз ісінің шебері,
табанды еңбектің символына айналған
өнер иесі. Қарапайым Бронкстан шығып,
әлем сахналарын бағындырған жұлдыз-
дың әрбір концерті – эмоция мен кәсібиліктің
үйлесімінен тұратыны да шындық. Біздің білуі-
мізше, әншінің туры жоспар бойынша 3 тамыз-
да Ереванда аяқталуы тиіс екен. Алайда, әлеу-
меттік желідегі жанкүйерлердің қолдауы нәти-



жесінде Джей Ло командасы Қазақстанды тур
кестесіне қосуға шешім қабылдапты.

Эмоцияны
қарызға сатып алу...

Әлбетте, қалада осындай концерттердің
болғаны жақсы. Бұл – мәдени серпіліс. Бірақ
егер мұндай шаралар тек белгілі бір әлеуметтік
топқа ғана қолжетімді болса, ол қоғамның
шынайы келбетін көрсетпей ме? Осы құбы-
лыстан кейін бізде – Алматыда бір мезетте
екі түрлі шындық қатар өмір сүріп жатқан
дай әсер қалдырады екен. Бірі – Джей Ло
концертіне билет алып, латте ішіп отырған-
дар. Екіншісі – екі жұмыста жүріп, баласына
киім әперуге тырысқандар. Мұны жәй ғана
табыс айырмашылығы деуге келмес, әрине.
Меніңше, бұл мәдениетке қолжетімділік
пен коммерцияланған өнердің арасындағы
шекараны көрсететіндей...

Қолжетімділік үшін
не істеу керек?

Дамыған елдерде жастар мен студенттер-
ге арналған арнайы квота, зейнеткерлерге
жеңілдіктер қарастырылады. Билеттің бір бөлігі
орта тапқа қолжетімді бағада сатылады. Бізде
неге мәселені осылай шешпеске? Болашақта
осыны ескеру керек секілді. Өйткені, мәде-
ниетке құмар жас көрермен тек теледидардан
тамашалап қоймай, нағыз шоу атмосферасын
сезінуге құқылы. Әлемдік өнерді тек «таңдау-
лылар» емес, барша халық көруі керек.

Сонымен, 160 мың теңге төлеп билет алған
көрермен расымен сән-салтанатта өмір сүріп
жатыр ма, әлде несиеге белшеден батып,
эмоцияны қарызға сатып алып жүр ме? Бұл,
әрине, әркімнің жеке таңдауы. Бірақ бірнәрсе
анық: Алматыда шоу өтеді. Ал Лопес сахнада
ән салып, би билеп жатқанда, сол сәтте ста-
дион сыртында тағы бір жас жанкүйер әнді
телефонынан тыңдап тұруы мүмкін. Демек,
мәдениет – тек сахнадағы өнерде емес, сол
өнерге деген әділ қолжетімділікте жатыр...



ОЙТАЛҚЫ

ЫНСАП пен ЫСЫРАП

Бүгінде «жұмыртқадан жүн қырқатын» саудагерлердің дәурені жүріп тұр

Бүгінгі тұрмыс-тіршілік мүлдем Бөзгерді. Сауап жинаймын деп, сансыз қателікке бой алдыратындар қатары артты. Ысырапқа шашылмай, ас-садақада нөпір сөзден тыйылып, етек-жеңді жинайтын кез келген сияқты.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Құрбан айт, ораза айт сияқты діни мерекелерде базардағы баға ырыққа көнбейді. Ал бұл қарапайым халықтың қалтасына ауырлық етеді. Бұл мәселе көптен бері жұрттың көкейінде жүр. Осыған байланысты арнайы Бас Мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы үндеу жасаған болатын. Бүгінде «жұмыртқадан жүн қырқатын» саудагерлердің дәурені жүріп тұр. Иә, ел ішінде жаны жомарт жандар жетерлік. Десе де, ауқатты байлардың екінің бірісі қайырымды іске бара бермейді. Бұл – ақиқат!

Медиакеңістікте «Инстаграм», «Фейсбук», «ТикТок», «Ватсап» сияқты әлеуметтік желілерді ел-жұрт көп көреді. Коменттерге жүгінсек, бұл жолғы құрбандыққа 130 мыңнан астам қой сойылыпты. Қасапшының бағасы 10–20 мыңнан асқан көрінеді. Қоғам талқысына көп түскен мәселе – құрбандық қаржысы.

«Құрбан айт кезінде базардың бағасы жағаны ұстатты» дейді осы мәселені қаузаған кезде пікірлескен қала тұрғындарының бірі. Темір ұстасы болып істейтін Аман Әбілбеков ағынан жарыла былай дейді:

«Мұсылманның қасиетті мерекелерін атаусыз қалдырмауға тырысамыз. Бірақ Құрбан айт күндері базардағы баға жаға ұстатты. Мал базарға барсаңыз, түрт түліктің бағасы аспандап тұр. Жақын бөлем екеуіміз бағаларды шолып шықтық. Қойдың бағасы – 90–130 мың теңге арасында тұр. Жалпы, тұрмыс-тіршілікте, қымбатшылық болмаса екен. Ел арасында «аттылыға ерем деп, жаяудың таңдайы айырылыпты» деседі. Мұның астарында терең мағына бар. Сондай-ақ, халықтың жағдайы ескеріліп, тұрмысы түзелсе, мемлекет ісі де алға өрлейді деп білеміз. Мейірімді жандар көп болсын демекпін».

Қоғамда аста-төк ас беру, ұлан-асыр жиын өткізу сөнге, қалыпты процеске айналып барады. Алайда, қоғамда әлеуметтік аз қамтылған топтар, жанұялар жетерлік. Әрине, әркім өзінің дәулетіне байланысты жиын ұйымдастыра береді. Десе де, мәселенің екінші ұшын ойлайтын кез келген сияқты.

Біз үнемі бұрынғы салт-дәстүрді естен шығармауға тырысамыз. Қазақтың дүниетанымы бойынша ғұмыр кешкенді дұрыс көреміз. Әрине, жақсы тұрмыс, байлық, мансап дұрыс шығар. Әйтсе де, бір сәт елдің қамын



Суреттер: kazislam.kz

ойлап, ағайынға жәрдемдескен жөн.


Қоғам арасында, әлеуметтік желіде қан шығарып, құрбан шалу, ата-бабасына ас беру, той-жиын жасау, зәулім зират орнату сынды дүниені көреміз, естиміз. Мұның бәрі әркімнің шамасына қарай жасалатын іс болса керек. Алайда, жұртқа бергенін жарнамалап, мақтанып, масаттанып өмір сүру ұят болар. Сол себепті, қарапайым ғұмыр кешкен абзал. Өйткені, сіз мақтанып көрсеткен қымбат дүние, көршінде жоқ болса, жекжатыңа

жетпей жатса, ондай дүниенің не қайыры бар? Өзім күйшілік өнерді жақсы көрем. Әсіресе, дәулескер күйші-домбырашы Нұрғиса Тілендиев, Төлеген Момбеков күйлерін жақсы көрем, шертемін. Зер салсаң, күйдің құдіреті арқылы қоғам өмірін бейнелеген. Бұның бәрін бір ізге келтіріп, әскери тәртіп сияқты бір ізге түсіріп, пәтуа шығаратын уақыт жетті. Сонда ғана біз қайырымды қоғам бола аламыз! – дейді Семей полигоны ардагері Анарбек Исламханұлы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Смағұл ЕЛУБАЕВ,
ҚР халық жазушысы:

Қайырымдылық жасап үйренген абзал



Елдің әл-ауқаты көтерілген сайын, кереғар қайшылықты, түсініксіз құбылыстар да пайда бола бастайды. Әлбетте жұрттың жағдайының жақсарып, болып-толғаны дұрыс. Алайда, тапқаны тамағына жетпей отырған жандарды да ұмытпайық. Бұл жақсылыққа алып бармайды. Дәл осындай әлеуметтік теңсіздіктің түбі құрдым.

Шіреніп, шырт түкіріп, шекара асып, шетелге, Түркияға, Арабияда той өткізетіндерді де көз көріп, құлақ естіп жүр. Онысымен қоймай, дүйім елге жариялайды. Біздіңше ас пен тойды мақтан етіп, жариялаған дұрыс емес! Қазақша айтқанда, «айлығы – шайлығына жетпейтін» адамдар қалайша той жасайды?! Олар да ұлын үйлендіріп, қызын ұзатқысы келеді. Ағайын-туысқа бір той жасап бергісі келмейді емес, келеді. Сондай-ақ олардың да дүниедан өткен жақын-жуықтары жоқ па, әрине бар. Ұятқа қалмас үшін, олар да шама-шарқынша жиын өткереді. Мақтанымша бола дүркіретіп той мен ас жасау – қате үрдіс! Мұны да арнайы қарап, ресми түрде шегеру керек шығар.

Тақауда Тұрсын Алагөзов бастаған байлар 100 адамға пәтер беріп, көлік сыйлады. Сөйтіп, қаншама жанның алғысын алды. Сол тәрізді, белді кәсіпкер Болат Өтемұратов қаншама қайырымды іс істеді. Басында үйі-күйі, пәтері жоқ, жұмыс таба алмай жүрген адамдарға көмек беріп, қайырымдылық жасау – мінеки, мақтануға тұрарлық іс. Бай – халықтың арқасында көтеріледі. Халықтан қарғысын емес, алғыс алатын бай-манаптардың қайырымдылығы көпке үлгі-өнеге деп білеміз. Қазақта «бай – болсаң, халқыңа пайдаң тисін» деп текке айтпаған.

Медет ҚҰРМАШҰЛЫ,
ҚМДБ Шарифат және пәтуа бөлімінің маманы:

Бір ізге түседі

Ханафи мәзһабы бойынша (құрбан айт күндері) құрбандық шалуға шамасы келген дәулетті (қажетінен тыс зекеттің нисап мөлшеріне жеткен), азат, балиғат жасына жеткен, ақыл-есі дұрыс, құрбан айт уақытында жолаушы болмаған мұсылманға құрбандық шалу уәжіп. Құрбан айт күндері құрбандықты бауыздамай, ақшасын садақа ете салу дұрыс емес. Өйткені, шарифат бойынша құрбандық малын бауыздап, қан ағызу міндет. Демек, құрбандық шалуға міндетті болған адам белгілі малды бауыздап қан шығаруы тиіс. Ал құрбан шалудың орнына садақа беру мойнынан уәжіпті түсірмейді. Осы жылдың мамыр айында Астана қаласында Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен «Қазақ даласындағы дәстүрлі ислам құндылықтары» VI Республикалық имамдар форумы өткен болатын. Осы форумда «Құдайы ас беруде ысырапқа жол бермеу (мәзірі мен тәртібі)» құжаты қаралып, қабылданған. Осы құжатта мүмкіндігінше қаралы үйде үш күн

қазан қайнатпау, Құдайы асты сөз жарысқа айналдырмау, пайдасыз бос сөз сөйлемей, әзіл әңгіме айтпау, т.б. талқыланып, бірауыздан «Құдайы ас беруде ысырапқа жол бермеу (мәзірі мен тәртібі)» құжаты қабылданды.

«Құдайы ас өткізу тәртібінің» қағидалары: асты әулеттің үлкенінің немесе жасы үлкен ақсақалдың батасымен бастау; қасиетті Құран Кәрім аяттарын оқып, марқұмның рухына бағыштау; ас келгенде ақсақал батасын алу; асты жарыссөзге айналдырмау, көңіл айтатын үш-төрт адамға сөз беру, сөз сөйлеуді 5 минуттан асырмау; Имамның уағыз айтуы, насихаттың жүйелі әрі ықшамды болуы; ас соңында жасы үлкен ақсақал бата беру және Құран аяттарын оқып, марқұмға дұға жасаумен аяқтау. Бұл құжат еліміз бойынша Құдайы ас берудің тәртібі мен мәзірін бір ізге келтіру мақсатында әзірленді. Құжатта белгіленген ережелер мен ұстанымдар Ислам дінінің негіздеріне, сондай-ақ қазақ халқының дәстүріне сай жасалынды.

**Алмасбек ДҮЙСЕНБЕКҰЛЫ,**
Дінтану орталығының директоры:

Жеке тұлғалардың жауапкершілігі

Құрбандық шалу мәселесінде ең маңызды – ниет. Құрбан сөзінің мағынасы жақындау. Қоғамда, туысқандар арасында бір-біріне деген көмек арқылы Жаратушының разылығына бөлену. Сырт көрінісі төрт түлікті құрбандыққа шалу болса, ішкі жағы жандүниемізбен (бойымыздағы жаман қасиеттермен) күресу. Біріншіден, Құрбан айттағы ысырапкершілік – жеке тұлғалардың жауапкершілігі. Көне түркі заманынан бері қарай түркі халықтарының өзіндік мал бордақылау әдебі болған. Ол әлі де жалғасын

тауып келеді. Мәселен, қойды қабырға еті, мойын-омыртқа, жамбас ет-майы, өкпе-бауыры, бас-сүйегі, ішек-қарын деп мүшелеп бөлген. Сөйтіп, қонақ дәрежесіне қарай табақ тартқан. Бүгінде сол дүние ұмытылып барады. Сондай-ақ, төрт түлікті ысырап қылмай, жетім-жесірге, жарлы-жақыбайға үлестерін беретін. Осындай жақсы істің арқасында бүгінгідей аста-төк ысырапшылдық болмайтын. Қазір осы игі дәстүрді жалғастыру қажет.

Ысырапшылдық діни тұрғыдан алғанда да құпталмайтын дүние. Біріншіден, қорымдарда салынып жатқан «зәулім сарайлардың» жер астындағы марқұмдарға пайдасы жоқ. Қоғамға да пайдасы жоқ. Адам баласы дүниеден өткен соң тоқтамайтын сауапты амалдар бар – ол халыққа пайдалы істер жасау.

Екінші, көкпар беру мәселесінде түпкі мақсат – халықтан бата алу. Бата алуды тек көкпармен шектеу дұрыс емес. Қоғамда шын мұқтаждарға көмектесу арқылы олардың батасына бөленуге болады. Қазіргі таңда ысырапшылдық сөнге айналған. Бұл үрдіс жақсылыққа әкелмейді.



ЖАНКЕШТІ КӘСІП

Нұрболат ІҢКӘРБЕК,
полиция капитаны:

ТЕРГЕУШІ БОЛУ – АРДЫҢ ІСІ

Полициядағы айрықша орны бар салалардың бірі – тергеу қызметі. Қоғамда қылмыс орын алса, оқиғаның жай-жапсарын анықтап, күдіктілер жасаған қылмыстың ақ-қарасын ажыратып, сотқа жолдайтын – дәл осы мамандық иелері. Тергеуші – қылмыстың ізі суымай тұрып, іске кірісетін, жәбірленуші мен күдіктінің уәжін таразыға салып, жіті зерттейтін маман.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласы Полиция департаментінің аса маңызды істер бойынша аға тергеушісі, полиция капитаны Нұрболат ІҢКӘРБЕК осы маңызды салада абыройлы қызмет атқарып келеді. Ол бізге берген сұхбатында Алматыда болатын қылмыс түрлері мен сипатын, тергеуші жұмысының қыр-сырын әңгімелеп берді. Еңбек өтілі жеті жылдан асқан полиция капитанының айтуынша, тергеуші болу – ең алдымен ардың ісі.

«Алматы қаласында тергеу басқармасы бес бөлімнен тұрады. Жеке тұлғаларға қатысты, жеке меншікке, қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар бөлімі, одан кейін жақында ашылған киберқылмыстарға қатысты және соңғысы – аудандық полиция басқармаларындағы тергеу жұмыстарына бақылау жасайтын аймақтық бақылау бөлімі. Мен қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар бөлімінде жұмыс істеймін. Біз тек ауыр және аса ауыр қылмыстармен айналысамыз. Бұл жерде тек тәжірибелі тергеушілер қызмет етеді. Себебі, мұндай істерді тергеу күрделі болғандықтан, арнайы дайындық пен тәжірибе қажет», – дейді кейіпкеріміз.

«Кінәсіз деп танылу презумпциясы» қағидаты

Қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстардың тергелуінде бұл санаттағы істер әрқашан қоғамның назарында болады. Тергеу барысында мамандар дәлелдемелер жинап, тергеу әрекеттерін жүргізеді: жауап алу, беттестіру, сараптама тағайындау, тергеу эксперименттері, жасырын тергеу әрекеттері секілді шаралар жүзеге асады. Егер адамның кінәсі дәлелденсе, қылмыс аса ауыр болса, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы туралы есеппен немесе істі айыптау актісімен прокуратураға жолданады. Әрі қарай прокуратура қызметкерлері тергеушілер жинақтаған дәлелдемелерді, іс құжаттарын қарап, заңды болса, сотқа жолдайды.

– Ата Заңымызбен бекітілген «Адамның кінәсіз деп танылу презумпциясы» деген қағида бар. Әр адам соттың заңды үкімі шықпай тұрып кінәсіз деп саналады. Сондықтан біз тергеу барысында тек кінәсін дәлелдейтін емес, оны ақтайтын мән-жайларды да міндетті түрде қарастырамыз. Егер кінәсі дәлелденбесе, іс тоқтатылады. Өз басым өткен жылы 178 істі аяқтап, тергеу жұмыстарын толық жүргіздім. Шешім шығарып, сотқа жолдадым. Оның



ішінде ұйымдасқан қылмыстық топтарға қатысты істер де бар. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 192-бабына сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі – екі ай. Қажет болған жағдайда бұл мерзім прокурордың қаулысымен ұзаруы мүмкін. Тергеушінің жұмысы істің күрделілігіне, эпизодтар мен қатысушылардың санына байланысты. Кейбір істерде ондаған эпизод болады. Бірақ мәселе көрсеткіште емес, әрине. Ең бастысы – сапа. Күдікті болсын, жәбірленуші болсын – әр істің артында адам тағдыры тұр», – дейді Нұрболат.

Тергеушінің айтуынша, қаланың барлық сегіз ауданында да қылмыс тіркеледі. Олар бір-біріне ұқсамайды. Ұрлық та әртүрлі болады: қалта ұрлығы, пәтер тонау – бәрі әртүрлі адамдардың әрекеті. Көбіне бір қылмысты жасап, шартты жаза алып шыққан адамдар қайтадан сол жолға түседі. Ұрылар бұрын да болған, қазір де болады. Қазір интернет алаяқтардың да саны артты. Қылмыстық процестік кодекстің 113-бабына сәйкес, қылмыстың алдындағы, кезіндегі және кейінгі жағдайлар толық зерттеледі.

«Біз өз қызметіміз арқылы әділдікті орнатуға тырысамыз. Халықпен тікелей байланыс орнатып, құқықтық әділдік орнатуға күш саламыз. Көп жағдайда тергеушілердің еңбегі көзге көрінбей қалады. Қазақстанда Қылмыстық кодексте көрсетілген істердің 96%-ын Ішкі істер органдарының тергеушілері тергейді. Тергеп отырған тұлғаның шындықты айтып отырғаны немесе бір нәрсені жасырып отырғаны бірден байқалады. Бірақ біз қылмысқа қатысы бар екенін сезгенімізбен, кінәсі толық дәлелденгенше тергеп-тексеру жұмыстарын жалғастыра береміз», – дейді тергеуші.

Иә, расында да, қоғам назарын аудартқан қылмыстық істерде тергеушілердің жұмысы тасада қалып жатады. Сот отырысына қатысушылар ретінде, әдетте, прокурорлар мен адвокаттардың сөзін тыңдап, төрағалық етуші соттың қаулысына, үкіміне назар аударады. Алайда, сол істің

сотқа дейін жетіп, прокуратура мен қорғау тараптарының жұмысының алға жылжуына мүмкіндік беретін – тергеушілердің қажырлы еңбегі екенін ескермей жатамыз. Істің әділ қаралып, сотқа жолдануы ең алдымен тергеу сапасына байланысты. Нұрболат атап өткендей, «Прокуратура – қадағалаушы орган. Қылмыстық істе жеті негізгі шешім олардың келісімінсіз қабылданбайды.

Кейде тергеушілерге қысым көрсетіліп, істі жүргізуде кедергі келтіретіндер де кездеседі. Әңгімелесу барысында Тергеу басқармасының маманы өзінің ойында қалған, қатты әсер еткен істер жөнінде айтып өтті.

«Аға буын тергеушілерден: «Тергеуші болғаныңа 10 жыл толмаса, өзінді тергеушімін деп айтпа!» деген сөзді естіген едім. Бұл біздегі жазылмаған заңдылық десем де болады. Еңбек өтілім он жыл болмаса да, өз тәжірибемде күрделі, ауыр істер болды. Психологиялық тұрғыда қатты әсер еткен іс – анасын қатыгездікпен өлтірген адамға қатысты тергеу болды. Күдікті туған анасын 48 рет пышақтап өлтірген. Әрі бұл менің тәжірибемдегі адам өлтіру фактісі бойынша алғаш жүргізген тергеуім еді. Іс басталған сәттен соңына дейін өзім жүргіздім. Оқиға орнына барып, тергеу әрекеттерін жүргізу, дәлелдемелерді жинақтау мұның бәрі оңай болған жоқ. Ауыр көріністермен алғаш рет бетпе-бет келгенде, қатты әсер алдым», – дейді маман.

Заңға адалдық пен әділдік

Жалпы, Алматы қаласы Полиция департаментінде оңай қылмыстық іс деген болмайды. Әрбір іс өз алдына күрделі. Тергеушіге қандай іс тапсырылса да, оны жеңіл не ауыр деп бөліп қарастырмайды. Басшылық құрам сеніп тапсырған істі соңына дейін жеткізу – міндет.

Қоғамда «тергеу кезінде қысым көрсетіледі, мойындату үшін ұрып-соғады» деген сияқты пікірлер айтылып қалатыны бар. Нұрболаттың айтуынша, оның жеке тәжірибесінде ондай жағдайлар болмаған. Қазір байқап отырсаңыз, барлық тергеу бөлмесінде, дәліздерде бейнебақылау орнатылған. Тергеу әрекеттері міндетті түрде бейнебақылауда өтеді. Егер тергеуші заңсыз әрекет жаса-са, оны дәлелдеуге мүмкіндік бар. Мұндай жағдайда жауапкершілікке тартатын арнайы органдар да жұмыс істейді. Кейде күдіктілер сот отырысында жауапкершіліктен жалтару үшін «маған қысым жасалды, сондықтан солай жауап бердім» деп тергеуде берген жауабынан бас тартады. Бірақ қылмыстық іс тек бір ғана мойындаумен емес, тергеу әрекеттерінің, сараптамалардың, дәлелдемелердің жиынтығымен негізделеді.

«Біздің жұмысымыздың өзегі – әділ болу деп санаймын. Себебі, тергеушінің іс-әрекеті, шешімі адамның тағдырына әсер етеді. Прокурор мен сот сияқты біз де тәуелсіз шешім қабылдаймыз. Сондықтан тек қырағылық жеткіліксіз. Терең білімді, кәсіби шебер болуымыз керек. Біз кімнің кінәлі, кімнің кінәсіз екенін анықтаймыз. Бірақ бәрінен бұрын алдымызда адам отырғанын ұмытпауымыз керек. Егер тергеушінің бойында әділдік пен адамшылық болмаса, бәрі бекер. Тергеуші әріпистеріме айтарым, ар мен ұятты алға қойып, кәсібімізге адалдық танытайық дегім келеді», – деп түйіндеді сөзін тергеуші.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Тергеу изоляторы:

БАҚЫЛАУШЫНЫҢ БІР КҮНІ

Аяқкиімнің ұлтанынан да телефон шығады

Түзеу мекемелеріндегі Режим және күзет бөлімі бақылаушысының әр жұмыс күні қарбаласпен басталады. Күн сайын тексеру пунктінен 150 кейде 200 адамның әкелген сәлемдемелерін тексеріп өткізудің өзіндік қиындығы көп.

Нұржамал
ӘЛІШ

Бақылаушының ең басты қаруы – қырағылық. Нан мен шұжықты бірнеше жерден кесіп, жеміс-жидектерді ортасынан қақ бөліп, қораптағы шәйді басқа ыдысқа аударып салып, қалташадағы шәйдің әрбіреуін ашып қарап жатқан бақылау-

шының жұмысына тек сырттан қарап тұру үшін де шыдам керек-ақ. Тұтқындағы адамдарға әкелген керекті заттардың, азық-түлік, киім-кешектің қалта-қуыс, астарына дейін тексеру кезінде бақылаушылар келушілердің небір айла-шарғысына куә болады.

Мысалы, 1500-ге жуық тұтқын ұстала-тын Алматы қаласындағы Тергеу изоляторында жыл басынан бері түрлі тыйым салынған заттар анықталды. Оның ішінде жеткізу кезінде 4 литр спирттік ішімдіктер, 21 ұялы телефон мен 50 грамм есірткі тектес заттар бар. Әсіресе, көп кездесетіні – ұялы телефондар мен sim-карталар. Қазір ұялы телефондардың небір шағын түрлері шығып жатыр. Тыйым салынған заттарды өткізу заңмен жазалана-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрлан АБДУЛЛИН, Алматы қаласы бойынша ҚАЗ департаментінің режим және қадағалау тобының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, әділет подполковнигі:

БӘРІ СҮЗГІДЕН ӨТЕДІ

Бақылаушының жұмысы түстен кейін қыза түседі. Қабылдап алған заттарды енді сол тізім бойынша әр камерадағы тұтқынға тапсыру да бақылаушының міндетінде. Егер тергеу изоляторында мыңнан аса адам жатыр десек, соның ішінен өзіне керек адамды тауып алу да жауапты жұмыс. Арнайы карточка арқылы камераны тауып келген соң, тергеудегі күдіктіге тапсырған адамның тізімі бойынша санап тұрып өткізіп береді. Сәлемдемелерді қабылдаудың осындай сүзгіден өткізу жұмыстарын түсінбейтін кейбір адамдар «кезекте ұзақ тұрамыз, барлық затты несіне тексереді» деп ренжіп те жатады. Ал ол – біздің жұмысымыз. Заң мен тәртіп баршаға ортақ.

тыны туралы ауызша ескертулерге де, тексеру орнындағы арнайы стендте ескерту жазылып тұрғанына да қарамастан тұтқындардың туыстары мен таныстары осындай айла-шарғыға барады.

Сондай-ақ, күнделікті Тергеу изоляторына адвокаттар мен қоғамдық қорғаушылар да кіреді. Оларды фронт-офистен өтер кезде тексереді. Өкінішке орай, адвокаттар мен қоғамдық қорғаушылардан да тыйым салынған заттар табылады. Мыса-

лы, жыл басынан бері адвокат пен қоғамдық қорғаушылардан 450 000-нан астам ақша мен 2 ұялы телефон нысанға алып кіру кезінде тәркіленді. Тізе берсе мұндай фактілер көп, ал әр фактінің ар жағында бақылаушылардың қырағы еңбегі бар.

Міне, бақылаушының тынымсыз сағаттар мен минуттардан тұратын бір күні осындай қарбалас әрі жауапты жұмысқа толы.



● БАСПАСӨЗТҮРЫ

ЖАЗҒЫ ТЫНЫҒУ МАУСЫМЫ –

балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатын көздейді

Алматы қалалық Білім басқармасы БАҚ өкілдеріне арнап мектеп жанындағы лагерьлердің жұмысы-на байланысты пресс-тур өткізді.

Жалпы, бұл бастама тәрбие мен білімнің тоғысқан тұсы – жазғы тынығу маусымында балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында қолға алынып отыр. Жазғы демалыс кезеңінде 281 мың оқушы сауықтырумен, демалыспен және жұмыспен қамтылды, бұл 1–10-сынып оқушыларының жалпы санының 95,7%-ын құрайды (293 682 бала). Қала аумағындағы 200-ге жуық мектеп жанынан ашылған лагерьдің жұмысы жүйелі әрі үлкен тыңғылықпен ұйымдастырылғаны байқалады.

Қазіргі таңда Алматы қаласында 300 мыңнан астам бала оқитын 215 мемлекеттік мектеп жұмыс істесе, жыл сайын Алматы қаласының әкімдігі көпбалалы және аз қамтылған отбасылардағы балалардың сауықтыру демалысына қосымша қаражат бөліп отырады. Мәселен, жазғы маусымның басынан бастап мектеп жанындағы, спорттық және этнолагерьлерде 43 323 астам бала демалды.

Сауықтыру демалысымен 100% ерекше білім беру қажеттілігі бар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан балалар қамтылып отыр. Міне, осылайша жаздың бірінші айында балалар мектеп жанындағы, спорттық және

киіз үй лагерьлерінде жан-жақты демалып, жаз қызығын көңілді өткізіп жатыр.

Жаңа бағдарламалар

Баспасөз туры Бостандық ауданындағы М.Мақатаев атындағы №140 гимназия жанынан ашылған «Балдәурен» жазғы спорттық лагерьден басталды. Арнайы топ келгенде «Балдәурен» жазғы лагерьі өз жұмысын таңғы жаттығумен бастап жатқан кез екен. Осыдан кейін балалардың бір тобы шығармашылық үйірмелерге, театрландырылған қойылымдар мен спорттық жарыстарға, енді біразы танымдық сағаттар сынды арнайы бағдарламаға сай белгіленген жұмыстарына кірісіп кетті. Балалардың ендігі бір тобы қаланың көрікті жерлері мен мәдени орындарына саяхат жасауға аттанды. Қысқасы, жазғы лагерьдің бағдарламасы балалардың уақытын мазмұнды өткізуге бағытталғаны байқалады.

– Біздің мақсат – балаларды тек спортқа ғана емес, бірлікке, достыққа, мақсатқа жетуге баулу. Жаттығу кезінде олар өздеріне сенімділік пен жауапкершілік сезімін дамытады, – дейді мектеп басшысы. Мектеп оқушылары үшін жазғы демалыстың әрбір сәті қызыққа толы болса, бұл кезең



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

олардың ата-аналары үшін де маңызды. Өйткені, кез келген ата-ана баласының қауіпсіз ортада, сенімді тәрбиешілердің бақылауында демалғанын қалайды. Бұған қоса, мектеп жанындағы лагерьде күн сайын футбол, волейбол, тоғызқұмалақ және асық ату сияқты ұлттық ойын түрлерінен жарыстарға қатысқан балалар салауаттылықты серік етері сөзсіз, – дейді гимназия директоры Сәния Өскенбайқызы.

Алматы құрылыс-техникалық колледжі ұйымдастырған «Жаз – болашақ мамандықпен» атты бағдарламасы аясында оқушылар столярлық, дизайн және құрылыс негіздерімен танысады. Орта мектеп оқушылары ағаш ұстасы мен графикалық дизайнды меңгереді, құралдармен жұмыс істейді және SketchUp көмегімен 3D модельдеу

негіздерін үйренеді. Бұл тәжірибе балаларға алғашқы кәсіби дағдыларын алуға көмектеседі. Оларға қажетті құралдар таныстырылып, нақты жобалар жасап көруге мүмкіндік беріледі. Кей балалар дәл осы курстан кейін болашақ мамандығын анықтап жатады.

Білім мен дағдыға толы өмір

Наурызбай ауданындағы «Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында» жазғы «ALEM» клубы өз жұмысын бастады. Жазғы маусымда орталық балалар үшін мазмұнды әрі қызықты демалыс ұйымдастыруды, олардың шығармашылық, танымдық және тұлғалық дамуына қолайлы орта құруды мақсат етеді. Сонымен, жазғы клуб бағдарла-

масы бойынша маусым айында 5000 бала, шілде айында – 1500 бала бұқаралық іс-шаралармен қамтылады. Үйірмелер бойынша маусымда – 2500 бала, шілдеде – 1500 бала қатысады. Оқу процесі аясында – 2500 бала қамтылады. Барлық бағыттар бойынша жаз мезгілінде 7000-нан астам бала тартылмақ.

Орталықта балаларды жан-жақты дамытуға арналған арнайы 8 жоба бойынша жұмыс жасалады. Жазғы клуб дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09.00–17.00 аралығында жұмыс істейді. Таңертеңгі уақытта – жазғы лагерь, түстен кейін – үйірмелік сабақтар өтеді. Цифрлы ғасырдың балалары үшін Наурызбай ауданындағы IT-лагерь таптырмас мүмкіндікке айналды. Мұнда оқушылар Scratch және Python бағдарламаларында қарапайым ойындар жазуды үйреніп жүр. Жазғы маусымда ерекше сұранысқа ие бағыттардың бірі – IT-лагерь.

Бұл жоба 10–16 жас аралығындағы оқушыларға арналған және 300 баланы қамтиды. «Балаларымыздың көбі ойынды тұтынушы ретінде ғана емес, жасаушы ретінде де көруге ынталы. Біз осы қызығушылықты қолдаймыз. Бұл – ертеңгі инженерлердің іргетасы», IT лагерьдің мақсаты – оқушылардың XXI ғасырдың цифрлық дағдыларын меңгеруіне шығармашылық пен логикалық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау», – дейді Наурызбай ауданы «Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығының» директоры Айнұр Мұратқызы.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

● КӨРМЕ

Шекарасыз әлем:

ЖАҢА ЗАМАН ӨНЕРІ

Алмалы ауданының комьюнити-орталығында жаңа жобаның тұсауы кесілді. «Шекарасыз әлем: жаңа заман өнері» жобасы – өнер әлемінде қадамын жаңа бастаған суретшілерді қолдап, олардың алғашқы қадамын жасауға көмектесу, сондай-ақ жасанды интеллект мүмкіндіктерінің қарқынды дамуына қарамастан, олардың талантының әлі де маңызды және қажет екенін айшықтау болып табылады.

Осынау идеялық шабыт пен жобаның бастамашысы ҚР Суретшілер одағының мүшесі Болат Хамзин. Ол өз сөзінде аталмыш іс-шараның аса маңызды екенін тілге тиек етті. «Өкінішке қарай, бейнелеу өнері әлемінің өкілдері қазір қиын кезеңдерді бастан кешіп отыр. Өйткені, жаңа технологиялар соншалықты қарқынды дамып келе жатқандықтан, әлем шығармашылық адамдарға, суретшілерге мұқтаж емес сияқты көрінеді.

Дегенмен, мүлдем олай емес. Сондықтан қолға алып отырған жобаның мақсаты – өз жолын енді таңдап, бастағандарға дәлелдеп, адамдарды ынталандыруды көздеп отыр. Сонымен қатар, жоба халықаралық байланыстарды нығайтуға ықпал етеді. Менің айтқым келіп отырғаны, бұл қадам менің әлеммен байланысымды едәуір кеңейтті. Нәтижесінде жас суретшілердің онлайн көрмесін ұйымдастыруға бел байладым. Ендігі жерде олардың жұмыстарын Интернеттен, сондай-ақ әлеуметтік желілерден кез келген адам көре алады», – дейді Болат Хамзин.

ЮНЕСКО Француз клубының халықаралық мәдени дипломатия қауымдастығының құрметті мүшесі атанған Болат Хамзин виртуалды көрмедегі жүзге жуық жас суретшілердің арасында алматылық Әлібек Жүргенов пен Ұлықбек Хусаиннің де бар екенін айтады. Ұйымдастырушылар мәлімдегендей, онлайн-экспозиция кеңейтіле түспекші, өйткені жоба үнемі жаңа қатысушылармен толығып отырады.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТИНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

НЕЕТ САНАТЫНДАҒЫ ЖАСТАР

үстел теннисінен турнирге қатысты

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Дүйсенбілік спорт» жобасы шеңберінде «Social project management» орталығы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен НЕЕТ санатындағы жастар арасында үстел теннисінен турнир өтті.

Бұқаралық спортты дамыту және жастарды қолдау мақсатындағы аталмыш іс-шараға базарда, сауда орталықтарында жұмыс істейтін және жұмыссыз жүрген 30 жас бақ сынады. Бұған дейін «Дүйсенбілік спорт» жобасы аясында алматылық базар жастарының арасында шағын футболдан турнир өткен болатын. Сайысқа түскендер арасында болашақта үлкен додаларда топ жаруды мақсат еткендер де бар. Турнир Алматы қаласы Алатау ауданындағы ADD үстел теннисі орталығында өтті. Аталмыш іс-шараға «Қазына», «Арыстан», «Арлан», «Саламат», «Тиграхауд», т.б. сауда орталықтарында жұмыс істейтін жігіттер мен жұмыссыз жастар қатысты.

Алғашқы кезеңде екі топқа бөлініп, өзара іріктеу ойындарын өткізді. Ширек финал мен жартылай финалдық сайысқа сүрінбей жеткен жастар арасындағы ойын тартысты өтті. Жарыс қорытындысында 1-орынды «Арыстан» базарының үстел теннисшілері иеленіп, 250 мың теңгенің сертификатын қанжығасына байлады. Ал 2-орын алған «Тиграхауд» базарының жастары 150 мың теңгенің сертификатын олжалады. Үшінші орынды «Жаңа Ялян», «Сарыарқа» базарының ойыншылары өзара бөлісіп, әрқайсысы 50 мың теңгенің сертификатын еншіледі.

Енді алдағы уақытта «Дүйсенбілік спорт» жобасы аясында НЕЕТ санатындағы жастар арасында баскетболдан, волейболдан кемінде 16 команданың, ал киберспорт бойынша 30 ойыншының қатысуымен турнир ұйымдастырылмақ. Жеңімпаздарға ақшалай сертификаттар мен медаль, кубоктарды үстел теннисінен халықаралық спорт шебері Игорь Медведев табыс етті. Турнирге белгілі спорт шебері Алексей Тимченко төрелік жасады.

Нұржамал ӘЛІШ.



БАЙҚАУ



ҮЗДІКТЕР ҮМІТТІ АҚТАДЫ

Алматыда «WorldSkills» стандарттары бойынша өткен Халықаралық кәсіби байқау өз мәресіне жетті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Бұл жолғы байқауға Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Моңғолия елдерінің кәсіби білім беру мекемелерінің педагогтары қатысты.

Олар байқау барысында өздерінің тәжірибелері мол, шеберлігі мен шығармашылық әлеуеттерінің жоғары

екенін көрсетті. Жарыста қала намысын қорғаған Алматы құрылыс колледжінің Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары факультеті өзінің құзыреттілігі бойынша жақсы қырынан танылды.

Байқаудың «Дәнекерлеу технологиялары» құзыреттілігі бойынша I орынды Ғани Кәдірұлы, Сергей Герасименко және Родион Царгородцев сынды жерлестеріміз олжалады. Жарыстың алғашқы жүлделі үш орынға Азизбек Азимов, Михаил Попов, Нұрқожа Қуанғали мен Химеден Нұрхан лайық деп танылды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2025 жылғы 5 тамыз, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 348 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-офис немесе land@lmn.kz электрондық поштасы бойынша 2025 жылдың 7 шілде, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%. Сатылым туралы қосымша ақпаратты **+7 707 100 90 10 телефоны** бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2025 жылғы 5 тамыз, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 688 дана. Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmn.kz электрондық поштасы бойынша 2025 жылдың 7 шілде, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%. Сатылым туралы қосымша ақпаратты **+7 707 117 90 10 телефоны** бойынша алуға болады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Немірдің таралымы –
11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ӘЛЕУЖЕЛІ ӘЛЕМИ

БАЛАҚАЙ МЕН
БАЛМУЗДАҚ

немесе қой кезегінің қызықтары туралы

Балмұздақ пен баланы егіз ұғым деп қарасақ та болатын шығар. Себебі, бұл тәттіні жақсы көрмейтін бала-қай жоқ. Бірақ балмұздақты балдырғандар сияқты жалап-жұқтап жеп алатын ересектер де жоқ емес-ау! Дегенмен, олар да бала болды ғой, бір кездері. Бір уақыт балалықтың бал дәмін еске түсіргісі келетін шығар.

«Дамыса – қазақ дамысын, байыса – қазақ байысын! Бағатын мал көбейсін! Балмұздақтар көп болсын, уайым-қайғы жоқ болсын!».

«Дронмен тек тәтті тасуға жазсын! Әйтпесе, қазір бір-бірінің үстіне дронмен бомба тастап жатқандар да бар...».

«Мен бұрын інім балмұздақ жесін деп ауладағы ұлдармен 20 тиын үшін «бойға» шығатынмын».

«Мені әкем бөлелеріммен төбелестіріп қойып, жеңсем, балмұздақ әперетін. Балмұздақ үшін жеңесің ғой бар күшңді салып тұрып!».

«Е-е, төбелессең жақсы ғой, біз жер жыртып, арық қазып қол жеткізуші едік балмұздақты».

«Бала күнімде қой бағып жүргенде таңдайың кеуіп, қатты шөл қысқанда армандаушы едім, шіркін, кішкентай вертолет келіп су әкеліп берсе ғой деп. Болашақта дәл осылай болатынын білмеппіз».

«Қой кезекке шыққанда армандаушы едім, кішкентай телевизор болса ғой, уақыт тез өту үшін кешке дейін мультік көріп жататын деп. Міне, қазір қолымда сол арман, бірақ алдымда қой жоқ».

«Қой кезекке барып, тал түске дейін судың бәрін ішіп тастап, шөлден қысылғанда уақыт тез өтсін деп қойлармен бірге ұйықтап қалып, кешке малды айдап келіп, шөлден қаталап тұрып «уф» деп құдықтан мұздай суды сіміре ішкен кездер-ай! Қайтып оралар ма еді?!».

«Баяғыда анам, ағам үшеуіміз қой кезекке шыққанбыз. Әкем жұмыста. Жаз. Дала өртеніп ұр. Содан не керек, әкелген



көжемізді түгел ішіп, тамақты да жеп қойып, ағамның жынданғаны бар, «сені бер ертіппіз» деп».

«Әкеммен қой бағуға шығып, баклажкаға құйған шәйін ішіп, бүкіл тамақты жеп қайтқаным бар. Далада жеген тамақ дәмді бола ма, бірнәрсе ғой. Үйде жемейміз соны».

«Қозы-лақ бағуға кезекке шығушы едік. Апамның құйып берген айраны күннің ыстығында быршып, ашып, қап-ғын ашқанда атылып үстімізге төгілетін. Балмұздақ ауыл дүкеніне айына бір келетін, соған секіріп мәз болушы едік. Шіркін, бір сәтке сол уақытқа оралсам ғой, апамды құшақтап алып жібермес едім...».

«Біздің кезде «аққан судың арамдығы жоқ» деп, арықтағы судың шөп-шалаңын саусақпен тазалап жіберіп іше беретінбіз. Аңадайдан қырықаяқтар бізге қол бұлғап сүңгіп кете баратын. Бір қарасаң, қапталыңа аптап ыстықта екі бүйірі ырсылдап екі-үш қой да келіп су ішіп жатады ғой».

«Шешем шампанның бөтелкесіне қара шәй құйып беретін, аттың үстінен құлатып алсаң сынып қалмасын деп. Бала кезімде аспаннан балмұздақ жауса ғой дейтінмін. Бала арман сондай кіршіксіз ғой, шіркін!».

ОҚЫРМАН ЛЕБІЗІ

Рахима
ӘЛДІБАЙҚЫЗЫ:«АҚШАМДЫ»
ОҚЫҢЫЗДАР!»

Күнделікті күйбең тіршілікте жанымызға жылу сыйлайтын сәттер болады. Әріптесім Рая Ескендір екеуіміз жол-жөнекей Сейфуллин даңғылы мен Құрманғазы көшесінің қиылысындағы әлеуметтік дәріханаға бас сұққан едік. «Газет оқыңыз, ішінде Алматының соңғы жаңалықтары бар!» деген әдемі, жарқын дауыс елең еткізді. Бұрылып қарасақ, касса артында тұрған жас қыз қолына біздің сүйікті басылым – «Алматы ақшамын» ұстап, оқырманға ұсынып жатыр екен.



Жақындап таныссақ, есімі – Рахима Турусова. Қарапайым сатушы-консультант қана емес, нағыз елгезек, елге жанашыр жан екені бірден білінді. Өз ісіне ұқыпты, сөйлеген сөзі жылы, жүрегі мейрімге толы. Баспасөзге, ақпаратқа деген құрметін көріп, еріксіз қуанып қалдық. Мәдениеттіліктің белгісі. Мұндай жандарды газетіміздің көрінбейтін жанашыры, басылым мен оқырман арасындағы алтын көпір деуге әбден болады.

Рахима сынды ұлттық басылымға жанашыр жастар көбейсе екен. Олар басылымның рухани құнын арттырып қана қоймай, қаланың тіршілігін, жаңалығын көпке жеткізуге үлес қосып жүр. «Алматы ақшамы» – қала өмірінің айнасы. Ал оны оқырманға ұсынатын, осындай шынайы жанашырлар – біздің ең басты тірегіміз.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒУЛҰЛЫ.